

«Қазақстан Халқына» қоғамдық қоры

Каржылық есептілік

*2022 жылғы 14 қаңтар (құрылған күні) мен 2022 жылғы 31 желтоқсан
аралығындағы кезең үшін,
тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебімен қоса*

МАЗМУНЫ

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

Қаржылық есептілік

Жиынтық кіріс туралы есеп.....	1
Қаржылық жағдай туралы есеп	2
Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп.....	3
Таза активтердегі өзгерістер туралы есеп	4
Қаржылық есептілікке ескертпелер.....	5-14

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Қазақстан Халқына» қоғамдық қорының Құрылтайшылары мен Басшылығына

Пікір

Біз «Қазақстан Халқына» қоғамдық қорының (бұдан әрі - «Қор») қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есеп, жиынтық кіріс туралы есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін таза активтердегі өзгерістер туралы есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған қаржылық есептілік барлық елеулі аспектілерде 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғамның қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы мен қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі - «ХКЕС») сәйкес дүрыс бейнелейді.

Пікірді білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (бұдан әрі - «ХАС») сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңес (БХЭСК) қабылдаған Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының халықаралық кодексіне (БХЭСК Кодексі) (халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) және біздің қаржылық есептіліктің аудитіне Қазақстан Республикасында қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес Қоғамға қатысты біз тәуелсізбіз және біз осы талаптар мен БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындағық.

Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негізде аудиторлық есебін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

Басшылықтың қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық қаржылық есептіліктің ХКЕС-ке сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бүрмалануы жоқ қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Қордың өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Қорды таратқысы келген, оның қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Аудитордың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілік бүтіндей адаптация емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығаруда елеулі бүрмалануларды қамтыймайды деген ақылға қонымын сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымын сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бүрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылады. Бүрмаланулар адаптация емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен бірге, біз келесіні орындаімyz:

- ▶ адаптация емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған қаржылық есептіліктің елеулі бүрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедуралерді жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Қателердің нәтижесінде елеулі бүрмаланудың анықталмауы тәуекеліне қарағанда, жоғарыдағы адаптация емес әрекеттердің нәтижесінде елеулі бүрмаланудың анықталмай қалу тәуекелі, өйткені адаптация емес әрекеттерге сез байласу, алдау, қасақана жіберіп қою, ақпараттың дұрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айнала жасалған амалдар кіруі мүмкін;
- ▶ Қордың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында адаптация емес жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедуралерді әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- ▶ қолданылатын есеп саясатының лайықты сипаттын және басшылық айқындаған бухгалтерлік бағалау және тиісті ақпараттың ашылып көрсетілуі негізділігін бағалаймыз;

- ▶ басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түсken аудиторлық дәлелдердің негізінде Қордың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтартықтай күмән туғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлendіру керек. Біздің тұжырымдар аудиторлық есебіміз жасалған күнге дейін түсken аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Қордың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады;
- ▶ қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндегі етіп ұсынылатындығын бағалаймыз.

Біз корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғалардың назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертүлер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, солармен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

„Эрнст энд Янг“ ЖШС



Адиль Сыздыков
Аудитор

Аудитордың 2013 жылғы 23 желтоқсандағы
№ МФ-0000172 біліктілік күелігі



Рустамжан Саттаров
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 2005 жылғы 15 шілдеде берген сериясы МФЮ-2 № 0000003 болатын Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметпен айналысуша арналған мемлекеттік лицензия

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2023 жылғы 24 сәуір

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП

2022 жылғы 14 қаңтар (құрылған күні) мен 2022 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезең үшін

2022 жылғы
14 қаңтар
(құрылған күні)
мен
31 желтоқсан
аралығындағы
кезең үшін

Мың тенге

Ескерт.

Kіrіsterg

Алынған жарналардан түсken кіrіsterg	5	131.786.022
Қаржылық кіrіс	9,10	12.266.342
Басқа да кіrіsterg		4.547
Kіrіsterg жиыны		144.056.911

Шығыстар

Қайырымдылықта жұмсалған шығыстар	6	(23.944.035)
Күтілетін несиелік зиян резервін есептеу бойынша шығыстар		(492.760)
Жалпы және өкімшілік шығыстар	7	(222.413)
Басқа да шығыстар		(85.440)
Шығыстар жиыны		(24.744.648)

Оң бағамдық айырма, нетто	11.538
Салық салынғанға дейінгі пайда	119.323.801
Пайда салығы бойынша шығыстар	—
Кезеңдегі таза пайда	119.323.801
Кезеңдегі басқа да жиынтық кіrіс	—
Кезеңдегі жиынтық кіrіс жиыны	119.323.801

Басқарма Төрағасы

Б.Б. Жемішев

Бас бухгалтер

Д.Ж. Асқанбаева



ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП**2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша**Мың теңгемен**2022 жылғы
Ескерт.**
31 желтоқсан**Активтер****Айналымнан тыс активтер**

Негізгі құралдар	354
Материалдық емес активтер	74
Айналымнан тыс активтер жиыны	428

Айналымдағы активтер

Төленген аванстар	8	1.972.211
Басқа да айналымдағы активтер		6.044
Банк салымдары	9	39.742.499
Ақша қаржаты мен оның баламалары	10	78.044.045
Айналымдағы активтер жиыны		119.764.799
Активтердің жиыны		119.765.227

Таза активтер мен міндеттемелер

Таза активтер		119.323.801
Таза активтер жиыны		119.323.801

Міндеттемелер**Қысқа мерзімді міндеттемелер**

Сауда және басқа да кредиторлық берешек	11	258.547
Дербес табыс салығы бойынша міндеттемелер		182.879
Қысқа мерзімді міндеттемелердің жиыны		441.426
Міндеттемелер жиыны		441.426
Таза активтер мен міндеттемелер жиыны		119.765.227

Басқарма Төрағасы


Б.Б. Жемішев

Бас бухгалтер


Д.К. Асқанбаева

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗГАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2022 жылғы 14 қаңтар (құрылған күні) мен 2022 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезең үшін

2022 жылғы
14 қаңтар
(құрылған күні)
мен
31 желтоқсан
аралығындағы
кезең үшін

Мың тенге

Ескерт.

Операциялық қызмет			
Демеушілік көмек алу	4	131.786.022	
Пайыздар бойынша түсімдер		11.526.335	
Қайырымдылық бағдарламалары бойынша төлемдер		(25.544.138)	
Жалақы бойынша төлемдер		(112.893)	
Басқа да төленген салықтар		(46.874)	
Басқа да түсімдер		1.259	
Басқа да төлемдер		(70.033)	
Операциялық қызметтөн түскен таза ақша ағындары		117.539.678	
Инвестициялық қызмет			
Нерізгі құралдарды сатып алу		(379)	
Банк салымдарын орналастыру		(39.002.494)	
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары		(39.002.873)	
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза өзгеруі		78.536.805	
Күтілетін несиелік зиян резерві	9,10	(492.760)	
Кезең басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары		—	
Кезең соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	9	78.044.045	

Басқарма Төрағасы

Бас бухгалтер



Б.Б. Жемішев

Д.К. Асканбаева

ТАЗА АКТИВТЕРДЕГІ ӨЗГЕРИСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

2022 жылғы 14 қаңтар (құрылған күні) мен 2022 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезең үшін

Мың тәңгемен	Ескерт.	Таза активтер	Жиыны
2022 жылғы 14 қаңтарға (құрылған күні)			
Кезеңдегі таза пайда		119.323.801	119.323.801
Жиынтық кіріс жиыны		119.323.801	119.323.801
2022 жылғы 31 желтоқсанға		119.323.801	119.323.801

Басқарма Төрағасы

Бас бухгалтер



ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2022 жылғы 14 қантар (құрылған күні) мен 2022 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезең үшін

1. ҚОР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

«Қазақстан Халқына» қоғамдық қоры (бұдан әрі мәтін бойынша – «Қор») Қазақстан Республикасында 2022 жылғы 14 қантарда Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы нәтижесінде құрылды. Қор Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 6/1 ғимарат мекенжайы бойынша тіркелген.

«Қоғамдық бақылау және мониторинг» республикалық қоғамдық бірлестігі, «Менің Атамекенім» ҚБ, Э.А. Алиева және Б.М. Байғалиева Қордың құрылтайшылары болып табылады. Қамқоршылық кеңес Қордың жоғары басқару органы болып табылады және Қор қызметтің оның жарғылық мақсаттарына сәйкестігін бақылауды жүзеге асырады. Қордың атқарушы органы - Басқарма болып табылады.

Қор қызметі келесідей:

- Денсаулық сактау, білім беру, әлеуметтік қолдау, мәдениет және спорт салаларында қайырымдылық көмек көрсету;
- Азаматтардың рухани, танымдық және өзге де гуманистік қажеттіліктерін қалыптастыру және қанагаттандыру үшін қоғамдық денсаулық, білім, ғылым, мәдениет, өнер, ағарту салаларындағы қайырымдылық жобаларын іске асыру;
- Республикада қайырымдылық мәдениетін дамыту, қоғамның, бизнестің және мемлекеттің қайырымдылыққа сенімін нығайту, қайырымдылықтың барлық субъектілерінің ымырасы;
- Төтенше жағдайлар кезінде және төтенше жағдай режимін енгізу кезінде Қазақстан Республикасының зардан шеккен халқына көмек көрсету;
- Қазақстан Республикасының аумақтық тұластығы мен қауіпсіздігін қорғау кезінде құқық қорғау органдары, арнаулы органдар қызметкерлерінің, әскери қызметшілердің, ауыр жараланғандардың және қаза тапқан деп танылғандардың отбасыларын қолдау;
- Қордың басқару органдарының шешімдеріне сәйкес өзге де қайырымдылық көмек.

Қордың 2022 жылғы 14 қантар (құрылған күні) мен 2022 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезең үшін қаржылық есептілігін шығару үшін 2023 жылғы 24 сәуірде Басқарма Төрағасы мен Бас бухгалтер бекітті.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

Осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде пайдаланылған есеп саясатының негізгі аспектілері төменде көлтірілген. Бұл есеп саясаты, егер өзгесі көрсетілмесе, көрсетілген кезеңдердің барлығы үшін бірізді етіп қолданылды.

Қаржылық есептілікті дайындау негізі

Бұл қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХКЕС») сәйкес әзірленді. Қаржылық есептілік, есеп саясатында және осы қаржылық есептіліктің ескертпелерінде сипатталғанды қоспағанда, бастапқы құн бойынша есепке алу қаридатына сүйене отырып әзірленді. Осы қаржылық есептілік тенгемен берілген және егер өзгесі көрсетілмесе, барлық мәндері мынға дейін дөнгелектенген.

Қаржылық есептілікті ХКЕС-ке сәйкес дайындау елеулі есептік бағалауды қолдануды талап етеді, сондай-ақ басшылықтан есеп саясатын қолдану барысында жол берулер бойынша пікір қолдануды талап етеді. Жоғары күрделілік деңгейі мен жол берулерді қолдануды қамтитын қолданылу саласы, сондай-ақ бағалау мен жол берулерді қолдану қаржылық есептілік үшін елеулі болып табылатын салалар 3-ескертпеде ашылған.

Операциялық орта

Бүтіндей алғанда, Қазақстан Республикасының экономикасы дамып жатқан нарықтарға тән болатын кейір ерекшеліктерді танытуын жалғастыруда. Әсіресе ол мұнай мен газ бағасының және ел экспорттының негізгі бөлігін құрайтын басқа да минералды шикізат бағасының құбылуына сезімтал келеді. Бұл ерекшеліктерге елден тыс жерлерде еркін айырбасталмайтын ұлттық валютаның болуы және бағалы қағаздар нарығы өтімділігінің төмен деңгейі жатады, бірақ олармен шектелмейді. Өнірде сақталып отырган саяси шиеленіс, айырбастау бағамының волатильділігі, өтімділіктің төмендеуін және халықаралық қаржыландыруды тартуда қындықтардың пайда болуын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының экономикасына теріс әсерін көрсетті және көрсетуін жалғастыра алады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

Қаржылық есептілікті дайындау негізі (жалғасы)

Украина аумағындағы соғыс

Украина аумағында 2022 жылы басталған соғыс қаржылық есептілікке әсер ететін ХҚЕС бойынша есепке алуудың бірқатар ерекшеліктерінің пайда болуына экелді.

Көптеген елдер қазірдің өзінде жекелеген ресейлік занды тұлғалар мен Ресей азаматтарына жаңа санкциялар салуды жалғастыруда. Қалыптастық жағдай, сондай-ақ тауар бағасының, валюта бағамының ықтимал ауыткуы, импорт пен экспорттың шектеулері, жергілікті материалдар мен қызметтердің қолжетімділігі және жергілікті ресурстарға қолжетімділік ТМД аумактарында қызметтің елеулі көлемін жүзеге асыратын компанияларға тікелей әсер етті.

Басшылық қазақстандық экономикадағы өзгерістердің дәрежесін де, ұзактығын да болжап білуге немесе олардың Қордың қаржылық жағдайына келешекте ықтимал ықпалын бағалауга қабілетті емес. Басшылық ағымдағы жағдайларда Қор тұрақтылығын қолдау үшін барлық қажетті шараларды қолға алып отырганына сенімді.

Шетел валюталарын қайта есептеу

Қаржылық есептілік Қордың қаржылық есептілігінің функционалдық валютасы мен оны білдіру валютасы болып табылатын қазақстандық тенге мен (бұдан әрі мәтін бойынша - «тенге») білдірілген. Шетел валюталарындағы операциялар бастапқыда операцияның жасалу күніне қолданылатын бағам бойынша функционалдық валютада ескеріледі. Шетел валютасында көрсетілген ақшалай активтер мен міндеттемелер есепті күнге қолданылатын функционалды валютаның бағамы бойынша қайта есептеледі. Барлық бағамдық айырмалар жиынтық кіріс туралы есепке қосылады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРИНЕ ШОЛУ

Активтер мен міндеттемелерді айналымдағы/қысқа мерзімді және айналымнан тыс/ұзақ мерзімді етіп жіктеу

Қаржылық жағдай туралы есепте Қор активтер мен міндеттемелерді олардың айналымдағы/қысқа мерзімді және айналымнан тыс/ұзақ мерзімді етіп жіктелуінің негізінде ұсынады. Актив мына жағдайларда, егер:

- Оны сату болжанса немесе ол әдettегі операциялық циклдің шенберінде сатуға немесе тұтынуға арналса;
- Ол негізінен сауда жасау мақсаттары үшін арналса;
- Оны есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі айдың ішінде өткізу болжанса; немесе
- Есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде он екі айдың ішінде міндеттемелерді өтеу үшін пайдалануға немесе айырбастауға шектеулер болған жағдайларды қоспағанда, ол ақша қаржатын немесе оның баламаларын білдіреді.

Барлық басқа активтер айналымнан тыс ретінде жіктеледі.

Міндеттеме қысқа мерзімді болып табылады, егер:

- Оны әдettегі операциялық циклдің шенберінде өтеу болжанса;
- Ол негізінен сауда жасау мақсаттары үшін ұсталса;
- Ол есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі айдың ішінде өтелуге тиіс болса; немесе
- Қордың есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде он екі айдың ішінде міндеттемелердің өтелу мерзімін ұзартуға сөзсіз құқығы болmasa.

Кор барлық басқа міндеттемелерді ұзақ мерзімді ретінде жіктейді.

Кейінгі қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер айналымнан тыс/ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер ретінде жіктеледі.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫң МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРИНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Ақша қаражаты мен оның баламалары

Қаржылық жағдай туралы есептегі ақша қаражаты мен қысқа мерзімді депозиттерге банктердегі ақшалай қаражат және өтеу мерзімі 3 ай немесе одан аз болатын, белгілі бір ақша қаражатының сомаларына оңай айырбасталатын және құнның өзгеруіне елеусіз тәуекелге ұшырайтын қысқа мерзімді өтімділігі жоғары депозиттер жатады.

Негізгі құралдар

Негізгі құралдар жинақталған амортизацияны, тозуды және құнсыздандуды шегере отырып, бастапқы құны бойынша көрсетіледі.

Активтердің бастапқы құны түрғызу немесе сатып алу бойынша нақты өндірілген шығындардан, төленген өтелмейтін салықтар мен алымдардан, сондай-ақ жеткізу, монтаждау, орнату, пайдалануға беру шығындарынан және активті мақсатына сай пайдалану үшін оны жұмыс істейтінде халге келтіруге тікелей байланысты кез келген басқа шығындардан тұрады. Кітапхана қорына енгізілген кітаптар, окулықтар, техникалық құжаттама және басқа да басылымдар түpteу құнын қоса алғанда, өзіндік құны бойынша есепке алынады.

Пайдалануға берілген негізгі құралдар бойынша амортизацияны есептегу негізгі құралдарды есепке алу қуніне қарай есепті айдан кейінгі айдың бірінші қунінен бастап белгіленеді, ал шығарылған негізгі құралдар бойынша шығу айынан кейінгі айдың бірінші қунінен бастап тоқтатылады.

Амортизация активтердің пайдалы қызметін бағалау мерзімінің ішінде желілік әдіспен белайша есептеледі:

Жылдар

Үйлер мен ғимараттар	10-40
Компьютерлер және компьютерлік жабдықтар	3-10
Машиналар мен құрал-жабдықтар	10
Жиһаз	7
Басқасы	3-25

Негізгі құралдардың пайдалы қызмет етуінің болжамды мерзімі негізгі құралдардың жай-куйін жақсартатын кейінгі шығындарды ескере отырып, оны пайдаланудың техникалық шарттары негізінде қайта қаралуы мүмкін, бұл қызмет ету мерзімінің ұлғаюына, сондай-ақ технологиялық өзгерістерді ескере отырып, қызмет ету мерзімінің қысқаруына әкеледі.

Негізгі құралдардың ағымдағы құны бағалау қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар тәуелсіз бағалаушы дайындаған бағалау туралы есеп негізінде бес жылда бір рет құнсызданду мәніне қайта қаралады.

Жойылуға жоспарланып отырган негізгі құралдар объектілері, есептен шығарылу кезінде немесе активті пайдаланудан келешек экономикалық пайданы алу күтілмейтін актив ретінде есепке алынуын тоқтатады. Негізгі құралдарды есептен шығару кезінде олардың бастапқы құны тиісті шоттан есептен шығарылады, бір мезгілде объект бойынша жинақталған амортизация есептен шығарылады. Негізгі құралдардың шығуынан түсken таза түсімдер мен олардың баланстық құны арасындағы айырма кіріс немесе шығыс ретінде танылады.

Тауар-материалдық қорлар

Тауар-материалдық қорлар кос мөлшердің ең азы бойынша ескеріледі: ФИФО әдісі бойынша бөлек өзіндік құны және өткізуіндегі таза құны. Қорлар бастапқыда сатып алу бағасын қамтитын бастапқы құны бойынша бағаланады, оның ішінде қосылған құн салығы, көлік шығындары және сатып алынған тауар-материалдық қорларға қатысты тікелей туындайтын басқа шығындар.

Төленген аванстар

Төленген аванстар төленген сомалардың құны бойынша қаржылық есептіліктегі көрсетіледі. Қордың аванстары қайырымдылық көмек көрсету шенберінде тауарларды жеткізу және (немесе) қызметтер көрсету үшін есептік төлемдер болып табылады. Алдын ала төлеуге жататын активтерді, тауарларды немесе қызметтерді Қор бұдан әрі алмайды.

Таза активтер

Қордың таза активтері есепті кезеңде жинақталған және жұмсалмаган қайырымдылық көмек көрсетуге арналған қаражатты білдіреді. Қордың таза активтері Құрылтайшыларға бөлінуге жатпайды және Қор таратылған кезде Қор жарғысына сәйкес қайырымдылық мақсаттарға бөлінетін болады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫң МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРИНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Табыс салығы

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 289-бабына сәйкес өз қызметін қоғамдық мүдделерде жүзеге асыратын, табыс алу мақсаты жок және алынған таза кірісті қатысушылар арасында бөлмейтін Қор депозиттер бойынша сыйақты түріндегі кірістер бойынша, депозитте орналастырылған ақша бойынша пайда болған теріс бағамдық айырма сомасынан оң бағамдық айырма сомасынан асып кету, өтеусіз алынған мүлік, оның ішінде қайырымдылық көмек, грант, демеушілік көмек, ақша және өтеусіз негізде алынған басқа да мүлік түріндегі кірістер бойынша корпоративтік табыс салығын салудан босатылды (бұдан әрі – «КТС»).

Кірістерді мойындау

Алынған жарналардан түскен кіріс

Қордың қызметі «Қайырымдылық туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қайырымдылық қызметін білдіреді.

Заңды және жеке тұлғалардан ерікті қайырымдылықтар мен қайырымдылық көмек

Заңды және жеке тұлғалардың ерікті қайырымдылықтары мен қайырымдылық көмегі демеушілік қайырымдылық жарналарымен ақшалай қаражатпен ұсынылады. Қорға жарналар ерікті сипатта болады. Жарналар алынған сәтте кіріс ретінде танылады.

Мүлікті, сондай-ақ оған құқықтарды сыйға тарту, өситет ету немесе өтеусіз беру

Өтеусіз берілген мүлік, сондай-ақ сыйға тарту немесе өситет ету нәтижесінде алынған мүлік бастапқы құны бойынша бағаланады. Сондай-ақ, аталған қайырымдылық көмекті алушыға одан әрі беру шартымен Қорға берілген мүлікті Қор актив ретінде танымайды.

Каржылық кіріс

Каржылық кіріс банк салымдары мен ақша қаражаты қалдықтарының сыйақылары бойынша кірістерді білдіреді және пайыздардың есептелуіне қарай мойындалады (қаржы құралын болжамды пайдалану мерзімінің ішінде күтілетін келешек ақша ағындарын қаржы активінің таза баланстық құнына әкелетін тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша).

Жалдау

Кор жалға алушы ретінде

Кор шарт жалдау немесе оның жалдау шартын жасасқан кезден бастап бар-жоғын анықтайды. Қор активті қысқа мерзімді жалдауды (жалдау мерзімі 12 ай немесе одан аз болып анықталған) және арзан жалдауды қоспағанда, пайдалану құқығы мен жалға алушы болып табылатын барлық жалдау шарттарына қатысты жалдау бойынша тиісті міндеттеме түрінде таниды. Осы жалдау шарттарына қатысты Кор егер басқа жүйелік негізде жалданған активтердің экономикалық тиімділігі пайдаланылатын уақыт аралығы туралы көбірек ақпарат болмаса, жалдау төлемдерін жалдау мерзімі ішінде біркелкі операциялық шығыстар ретінде таниды.

Шығыстар

Шығыстар пайда болу сәтіне танылады және олар есептеу әдісінің негізіне жатқызылған сол кезеңде Қордың қаржылық есептілігінде көрсетіледі.

Қайырымдылыққа жұмсалған шығыстар

Кор өзінің мақсаттарына сәйкес келетін бағдарламалар мен жобаларды айқындейды, олардың шенберінде қайырымдылық қызметін жүзеге асырады. Қайырымдылық көмек жеке тұлғаларға, бағдарламалар мен жобалардың үйлестірушілеріне немесе олардың жеткізушилеріне тікелей ақша аудару арқылы көрсетіледі. Көрсетілген қайырымдылыққа жұмсалатын шығыстар төлем жасалған сәтте танылады.

Іске асырылатын бағдарламалар мен жобалар шенберінде жасалған шарттар бойынша, егер тауарларды жеткізу немесе қызметтер көрсету Қор төлегенге дейін жүзеге асырылған болса, қайырымдылық бойынша шығыстар да танылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫң МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРИНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Есепті күнінен кейінгі оқиғалар

Есепті күнге болған шарттардың дәлелін ұсынатын есепті кезең аяқталғаннан кейін орын алған оқиғалар (түзетуші оқиғалар) Қордың қаржылық есептілігінде көрсетіледі. Есепті кезең аяқталғанда болған және түзетуші оқиғалар болып табылмайтын оқиғалар, егер олар мәнді болса, қаржылық есептілікке арналған ескертпелерде ашылады.

Шыгарылған, бірақ алі күшіне енбекен стандарттар

Төменде Қордың қаржылық есептілігін шығару күніне шыгарылған, бірақ күшіне енбекен жаңа стандарттар, түзетулер мен түсіндірмелер көлтіріледі. Қор осы стандарттарды, түзетулер мен түсіндірмелерді, егер колданылатын болса, олардың күшіне енү күнінен бастап қолдануға иiset білдіріп отыр:

- 17 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары»;
- 1 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер - «Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеу»;
- 8 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер - «Бухгалтерлік бағалауды айқындау»;
- 1 ХҚЕС-ке (IAS) және «Есен саясаты туралы ақпаратты ашип көрсету» ХҚЕС-ті қолдану жөніндегі №2 іс жүзіндегі ұсынымдарға түзетулер;
- 12 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер - «Бір операцияның нәтижесінде туындаитын активтер мен міндеттемелерге байланысты кейінге қалдырылған салық салу»;
- 16 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер – «Қайта жалдау арқылы сату кезіндегі жаңа жалдау міндеттемесі»;
- «Инвестор мен оның қауымдасткан ұйымы немесе бірлескен кәсіпорын арасындағы мәмілелерде активтерді сату немесе активтерді салу» 10 ХҚЕС (IFRS) пен 28 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер.

Бұл түзетулер Қордың қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсерін тигізбейді деп күтілуде.

4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР

Қордың қаржылық есептілігін әзірлеу оның басшылығынан есепті кезеңнің соңына пікір білдіруін, есептілікті көрсетілетін активтер сомаларына ықпал ететін бағалау мәндері мен жорамалдарды айқындауды талап етеді. Дегенмен осы жорамалдар мен бағалау мәндеріне қатысты белгісіздік соған қатысты осы сияқты жорамалдар мен бағалаулар қабылданған активтің баланстық құнына келешекте елеулі түзетулерді талап етуі мүмкін нәтижелерге әкеліп соқтыруы мүмкін.

Қайырымдылықты есепке алу

Кор басшылығы Қор алған барлық қайырымдылықтар мен қайырымдылық көмек сөзсіз деп санайды. Тиісінше, басшылық бұл қайырымдылықтар мен қайырымдылық көмектен түскен кірісті қолма-қол ақша алған кезде тану керек деген қорытындыға келді.

Күтілетін несиелік зиянды бағалау резерві

Кор ақша қаражаты мен оның баламалары және банктік салымдарға қатысты күтілетін несиелік зиянга (КНЗ) бағалау резервін таниды.

Бастапқы танылған сәттен бастап несиелік тәуекел айтарлықтай ұлғаймаған қаржы құралдары бойынша келесі 12 айдын (12 айлық күтілетін несиелік зиян) ішінде мүмкін болатын дефолттардың салдарынан туындауы мүмкін несиелік зиянға қатысты залалға бағалау резерві құрылады. Солар бойынша бастапқы танылған сәттен бастап қаржы құралдары үшін несиелік тәуекел айтарлықтай ұлғайған дефолттың орын алу мерзімдеріне қарамастан (бүкіл мерзім үшін күтілетін несиелік зиян) осы қаржы құралының қалған қолданылу мерзімінің ішінде күтілетін несиелік зиянға қатысты залалға бағалау резерві құрылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**6. ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚҚА ЖҮМСАЛҒАН ШЫҒЫСТАР**

2022 жылғы
14 қаңтар
(құрылған күні)
мен
2022 жылғы
31 желтоқсан
аралығындағы
кезең үшін

Мың тенгемен

«Орфандық ауруларға шалдықан емделушілерді дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету» бағдарламасы	16.947.021
«Ауылдық жерлерде тірек мектептердің өлеуетін дамыту» жобасы	2.478.603
Қайылы қаңтар оқигаларында зардал шеккендерге қайырымдылық көмек көрсету	2.318.577
Білім беру гранттары	981.446
Батыс Қазақстан облысында табиғи апattan зардал шеккен азаматтарға қайырымдылық көмек	771.905
«24 балалар спорт залы» жобасы	208.100
Қостанай облысында өрттен зардал шеккен азаматтарға қайырымдылық көмек	174.000
Басқасы	64.383
	23.944.035

«Орфандық ауруларға шалдықан емделушілерді дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша шығыстарға дәрі-дәрмектерді сатып алу шығыстары жатады.

«Ауылдық жерлерде тірек мектептердің өлеуетін дамыту» жобасы бойынша шығыстарға сыйыптарға арналған жабдыққа, жиназға, спорттық жабдықтарға, кеңсе тауарларына және т.б. шығыстар жатады.

Қайылы қаңтар оқигаларында зардал шеккендерге қайырымдылық көмек көрсетуге арналған шығыстар қаза тапқан әскери қызметшілердің, ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің отбасыларына және қаза тапқан ҚР азаматтарына 7 миллион теңге, әрбір ауыр жарапланған әскери қызметшіге, ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлеріне және қаза тапқан ҚР азаматтарына 3 миллион теңге мөлшерінде, сондай-ақ қаза тапқан әскери қызметшілер мен ішкі істер органдары және ұлттық қауіпсіздік қызметкерлерінің отбасыларындағы және қаза тапқан ҚР азаматтарының әрбір кәмелетке толмаған балаға 2 миллион теңге мөлшерінде төленетін төлемдермен білдірілген. Осы төлемдермен байланысты 178.500 мың теңге сомасына пайда болған жеке табиғи салығы жалпы және әкімшілік шығыстарға енгізіліп, Қор қаражаты есебінен төледі.

Білім беру гранттарына арналған шығыстарға көп балалы отбасылардан және аз қамтылған отбасылардан шыққан ауыл мектептерінің түлектерін, сондай-ақ жетім балалар мен мүгедек балаларды қолдау шығыстары жатады.

Батыс Қазақстан облысында табиғи апattan зардал шеккен азаматтарға қайырымдылық көмекке жұмсалатын шығыстар 2022 жылғы 31 наурыз берінен 6 сәуір аралығында Қаратебе және Жәнібек аудандарының аумақтарында су тасқыны салдарынан үйлері кираган азаматтар үшін 30 үй салуға жұмсалатын шығыстарды қамтиды.

«24 балалар спорт залы» жобасы бойынша шығыстар балалар үшін спортқа қолжетімділік деңгейі тәмен елдің шалғай елді мекендерінде балалар спортының қолжетімділігін арттыру үшін спорт залдарын спорт жабдықтарымен жарактандыруға арналған шығыстармен білдірілген.

7. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

2022 жылғы
14 қаңтар
(құрылған күні)
мен
2022 жылғы
31 желтоқсан
аралығындағы
кезең үшін

Мың тенгемен

Жалақы және тиісті салықтар мен аударымдар	146.343
Көсіби қызметтер	25.724
Жалдау шығыстары	16.686
Басқасы	33.660
	222.413

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**8. ТӨЛЕНГЕН АВАНСТАР**

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша төленген аванстар негізінен «Базисный магазин» ЖШС «Ауылдық жерлерде тірек мектептердің әлеуетін дамыту» бағдарламасы шеңберінде мектептерді жарактандыру үшін жабдықтар жеткізгені үшін 979.795 мың тенге мөлшерінде берген сомалармен, «Медсервис Плюс» Қазақ фармацевтикалық компаниясы» ЖШС «Орфандық ауруларға шалдықкан емделушілерді дәрі-дәрмектермен қамтамасыз сту бойынша жобаларға амалдар туралы» бағдарламасы шеңберінде Қоселуго медициналық препаратын жеткізгені үшін 280.213 мың тенге сомасында және «Арман Инжинириング» ЖШС «Болашақ инженерлер» бағдарламасы шеңберінде жабдықты жеткізгені үшін 176.400 мың тенге сомасында білдірілген.

9. БАНК САЛЫМДАРЫ

<u>Мың тенгемен</u>	<u>2022 жылғы 31 желтоқсан</u>
Тенгемен банктік салымдар	40.106.605
Минусы: күтілетін несиелік зиян резерві	(364.106)
	39.742.499

2022 жылғы 31 желтоқсанға үш айдан асатын банктік салымдардың орташа мөлшерлемесі 13,72% құрады. 2022 жылғы 14 қаңтар (құрылған күні) мен 2022 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде үш айдан астам мерзіммен банк салымдары бойынша пайыздық кіріс 11.021.180 мың тенгені құрады.

Банк салымдары бойынша күтілетін несиелік зиянды бағалау резервіндегі өзгерістер төменде көлтірілген:

<u>Мың тенгемен</u>	<u>2022 жыл</u>
14 қаңтарға (құрылған күні)	-
Есептеу	364.106
31 желтоқсанға	364.106

10. АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҚ БАЛАМАЛАРЫ

<u>Мың тенгемен</u>	<u>2022 жылғы 31 желтоқсан</u>
Тенгемен қысқа мерзімді депозиттер	77.135.996
Банктердегі ағымдағы шоттар, тенгемен	1.022.481
Банктердегі ағымдағы шоттар, рубльмен	14.222
Күтілетін несиелік зиян бойынша резерв	(128.654)
	78.044.045

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бір күннен үш айға дейінгі мерзіммен тенгемен қысқа мерзімді депозиттер бойынша орташа алынған мөлшерлеме 13,31%-ды құрады. 2022 жылғы 14 қаңтар (құрылған күні) мен 2022 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде үш айға дейінгі мерзіммен қысқа мерзімді депозиттер бойынша пайыздық кіріс 1.245.174 мың тенгені құрады.

Ақша қаражаты мен онық баламалары бойынша күтілетін несиелік зиянның бағалау резервіндегі өзгерістер төменде көрсетілген:

<u>Мың тенгемен</u>	<u>2022 жыл</u>
14 қаңтарға (құрылған күні)	-
Есептеу	128.654
2022 жылғы 31 желтоқсанға	128.654

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

11. САУДА ЖӘНЕ БАСҚА Да КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

Мын төңгемен	2022 жылғы 31 желтоқсан
Қайырымдылық көмек бойынша кредиторлық берешек	252.660
Басқа да кредиторлық берешек	5.887
	258.547

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сауда және өзге де кредиторлық берешек негізінен «Базисный магазин» ЖШС алдында «Ауылдық жерлерде тірек мектептердің әлеуетін дамыту» бағдарламасы шеңберінде мектептерді жарактандыру үшін жабдықтар жеткізгені үшін 84.006 мың теңге сомасында және «ИСКУ Қазақстан» ЖШС алдында «Аутизм және басқа да менталды бұзылулары бар балаларға арналған орталықтарды жарактандыру» жобасы бойынша жабдықтар жеткізгені үшін 58.736 мың теңге сомасында берешекпен білдірілген.

12. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН МӘМІЛЕЛЕР

Негізгі басқарушы персоналға төленетін сыйақы

Негізгі басқарушы персонал Қордың 3 басқарма мүшесінен тұрады. Есепті кезеңдегі жалақы Басқарманың 2 мүшесіне төленді. Басқарма төрағасы өз еркімен (өз бастамасы бойынша) жалақы алмайды. 2022 жылғы 14 қантар (құрылған күні) мен 2022 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезең үшін негізгі басқарушы персоналға төленген сыйақының жалпы сомасы 23.543 мың теңге болды, ол жалақы мен басқа да төлемдерден тұрды және жиынтық кіріс туралы есептің жалпы және әкімшілік шығыстар құрамына қосылды.

13. ҚАРЖЫ ТӘҮЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҢСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ

Тәүекелдерді басқару Қор қызметінің маңызды элементі болып табылады. Қор тәүекелдердің дәрежесі мен көлемі бойынша тәүекелге ұшырағыштығы талданатын тәүекелдер бойынша ішкі есептер арқылы оның операцияларына жататын қаржы тәүекелдерін бакылайды және басқарады. Мұндай тәүекелдерге, негізінен, несиелік тәүекел, валюталық тәүекел және өтімділік тәүекелі кіреді. Бұдан әрі Қордың осы тәүекелдерді басқару жөніндегі саясатының сипаттамасы көлтіріледі.

Валюталық тәүекел

Валюталық тәүекел – валюталарды айырбастау бағамдарының өзгеруіне байланысты қаржы құралы құнының өзгеру тәүекелі. Қор операциялары Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылады. Есепті күнге Қордың шетел валютасындағы активтері мен міндеттемелерінің маңызды еместігіне байланысты валюталық тәүекелдің әсері шамалы болып табылады.

Несиелік тәүекел

Несиелік тәүекел – Қор қаржылық шығындарды көтереді деген тәүекел, өйткені қарсы агенттер қаржы құралы немесе клиенттік шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаамайды. Қор оның операциялық қызметімен және банктер мен қаржы ұйымдарындағы депозиттерді, валюталық операцияларды және басқа да қаржы құралдарын қоса алғанда, қаржылық қызметпен байланысты кредиттік тәүекелге ұшырағыш келеді. Қор акша қалдықтары мен депозиттердің орналастырылуы мен банктік рейтингтерді тұрақты қадағалап отырады.

31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың акша қаражаты мен банк салымдары келесі банктерде орналастырылған:

	Орналасқан жері	Рейтинг	2022 жылғы 31 желтоқсан
Банктер			
«Bank RBK» АҚ	Қазақстан	B2 (позитивті)	30.667.663
«Еуразиялық Банк» АҚ	Қазақстан	B2 (позитивті)	27.868.415
«Халық Банкі» АҚ	Қазақстан	Baa2 (тұрақты)	24.910.772
«ForteBank» АҚ	Қазақстан	Ba2 (тұрақты)	21.575.167
«Kaspi Bank» АҚ	Қазақстан	Ba1 (тұрақты)	8.980.779
«Нұрбанк» АҚ	Қазақстан	B3 (тұрақты)	2.682.290
«БанкЦентрКредит» АҚ	Қазақстан	B1/(позитивті)	1.012.472
«First Heartland Jusan Bank» АҚ	Қазақстан	B1 (позитивті)	581.746
Минусы: күтілетін несиелік зиян резерві			(492.760)
			117.786.544

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

13. ҚАРЖЫ ТӘҮЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)

Өтімділік тәуекелі

Сауда және басқа да кредиторлық берешек қысқа мерзімді болып табылады және 3 айдың ішінде өтелуге жатады. Ақша қаражаты мен оның баламаларының айтарлықтай балансына және қысқа мерзімді банктік салымдарға байланысты өтімділік тәуекелі маңызды емес.

Қаржы құралдарының әділ құны

Ақша қаражатының, банк салымдарының, сауда және басқа да дебиторлық берешектің, сауда және басқа да кредиторлық берешектің, басқа қаржылық міндеттемелердің баланстық құны мұндай қаржы құралдарының қысқа мерзімділігіне орай шамамен олардың әділ құнына тең.

2022 жылғы 31 желтоқсанға Қордың 1-ші немесе 2-ші деңгейдегі қаржы құралдары ретінде жіктелген қаржы құралдары болмады.

14. ЕСЕПТІ КҮННЕҢ КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

2023 жылғы 30 қаңтарда Қордың Қамқоршылық кеңесі «Endowment Qazaqstan halqyna» нысаналы капиталды басқару компаниясы» корпоративтік қорын (бұдан әрі – «Эндаумент қоры») құру туралы шешім қабылдады. Қор Эндаумент қорының жалғыз құрылтайшысы болып табылады. Эндаумент қоры нысаналы капиталды басқарады және кірістерді «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының білім беру гранттары» қайырымдылық бағдарламасына бөледі. Эндаумент қоры 2022 жылғы қаңтардағы қайғылы оқиғалар кезінде қаза тапқан азаматтардың балалары мен жарапанған балаларды қоса алғанда, осы бағдарлама шенберінде гранттар мен стипендиялар алатын талапкерлердің есебін жүргізеді. Құрылтайшы ретінде Қордың жарғыны өзгерту, қорды қайта ұйымдастыру және тарату, аудиторды тағайындау, бюджет пен қаржылық есептілікті бекіту, басқару органдарының өкілдіктерін анықтау және басқа да маңызды мәселелер бойынша айрықша құзыреті бар.

2023 жылғы 31 наурызда Қазақстан Республикасының Үкіметі «Қазақстан Халқына» қоғамдық қорына «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-аукат қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - «Самұрық-Қазына ҰӘҚ») таза кірісінен қаражат бөлу қағидаларын («Қағида») бекіту туралы» №273 қаулыны бекітті. Қағидага сай, Самұрық-Қазына ҰӘҚ Қорға таза кірістің кемінде жеті пайызы мөлшерінде қаражат бөледі. «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры Самұрық-Қазына ҰӘҚ-тан аударылған қаражаттың мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етуі тиіс.